

"Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 602 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы

Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны және тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:

1) дайын өнім - өндірістің барлық технологиялық сатыларынан өткен және адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін немесе өндіріс үшін, оның ішінде, дайындаушы кәсіпорын шығарған түрде пайдаланылуға жарамды өнім;

2) өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) - белгіленген тәртіпте химиялық өнімдерді тіркеуді және олардың сәйкестігін растауды жүзеге асыратын жеке н е м е с е з а ң д ы т ұ л ғ а ;

3) химиялық өнімдердің жіктемесі - химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өндіру, пайдалану және қайта өңдеу кезінде қауіпті немесе әлеуетті қауіпті химиялық өнімдердің барлық қасиеттерін с ә й к е с т е н д і р у ;

4) қауіпті химиялық өнімдер - құрамына осы Заңның 5-бабының 4-тармағында айтылған санаттардың біріне жататын кемінде бір химиялық зат кіретін химиялық ө н і м д е р ;

5) қауіп-қатерді бағалау - қауіптіліктің, дозаның (концентрацияның), қауіптілік деңгейін қамтитын адамның денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға ықтимал әсер етуді анықтауға бағытталған шаралар кешені;

6) қауіпсіздік паспорты - химиялық өнімдердің сипаттамалары және олармен қауіпсіз жұмыс жасауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралары туралы мәліметтер бар

қ ұ ж а т ;

7) ескерту таңбасы - химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өнімге және/немесе орамаға түсірілген химиялық өнімдердің қауіпті қасиеттері және онымен жұмыс істеу кезеңдеріндегі қауіпсіздік туралы ақпарат ;

8) ыдыс - ашық немесе тұйық шымылдық корпусы түрінде орындалған, химиялық өнімдерді орналастыруға арналған бұйымнан тұратын ораманың элементі;

9) техникалық құжаттама - барлық қол жетімді, оның ішінде зерттеу әдістері мен нәтижелерінің толық сипатталып, немесе оларға библиографиялық сілтемесімен тиісті деректері бар қауіп-қатерлері бағалауға арналған қажетті ақпаратты қамтитын құжаттар ;

10) орама - химиялық өнімдер мен қоршаған ортаны бүлінуден және шығындардан қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ химиялық өнімдерді тасымалдауды, сақтауды және өткізуді жеңілдететін құралдар немесе құралдар кешені;

11) химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті орган - берілген өкілеттіктер шегінде салалық бағыттылығына сәйкес химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне басшылықшы және оны үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) химиялық зат - табиғатта бар немесе технологиялық операциялардың нәтижесінде алынған элемент немесе қосылыс;

13) химиялық өнімдер - табиғи ресурстардан бөліну және/немесе адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиянды жеке түрлері әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін химиялық реакцияларды (синтез, полимерлеу, деструкциялау) пайдалана отырып, шикізатты түрлендіру нәтижесінде алынған өнім.

2-бап. Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан , "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзгеше талаптар белгіленсе, онда халықаралық шарттың талаптары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заң адамның өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау үшін химиялық өнімдер мен оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең аз қажетті талаптарды белгілейді.

2. Осы Заңның талаптары мыналарға қолданылмайды:

1) орналасқан күйдегі пайдалы қазбалар;

- 2) дайын дәрілік препараттар;
- 3) радиоактивті заттар, материалдар мен қалдықтар;
- 4) тағамдық өнімі;

5) пайдалану процесінде өзінің химиялық құрамын және агрегаттық жай-күйін өзгертпейтін әрі концентрацияларда адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуге қабілетті қауіпті химиялық заттар шығармайтын бұйым.

4-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу объектілері

Техникалық реттеу объектілері химиялық өнімдер және өмірлік цикілінің процестері болып табылады.

5-бап. Химиялық өнімдерді жіктеу

1. Химиялық өнімдерді жіктеу адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қабылдау мақсатында жүргізіледі.

2. Химиялық өнімдерді жіктеу химиялық заттардың қауіпті түрлері мен санаттары бойынша жүзеге асырылады.

3. Химиялық өнімдер өндіру және қолдану процесінде қауіптердің мынадай түрлерін төндіруі мүмкін:

- 1) өрт қаупі бар;
- 2) жарылыс қаупі бар;
- 3) тотығушылық белсенділігі;
- 4) уыттылық.

4. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға келеңсіз әсер ете алатын физикалық факторларға ие химиялық заттардың санаттары мыналарға бөлінеді: өзінің физикалық-химиялық қасиеттері бойынша:

- 1) жарылғыш заттар;
- 2) тез тұтанатын газдар;
- 3) тез тұтанатын сұйықтар;
- 4) тез тұтанатын қатты заттар;
- 5) қышқылданатын заттар және органикалық пероксидтер;
- 6) уытты заттар;
- 7) тотығу заттары;

өзінің токсикологиялық қасиеттері бойынша:

- 1) өте улы заттар;
- 2) улы заттар;
- 3) зиянды заттар;
- 4) күйдіргіш заттар;
- 5) көздің және/немесе терінің кілегей қабатының тітіркенуін туғызатын заттар;
- 6) сенсбилизациялық әрекеттерге ие заттар;

Адамның денсаулығына өзінің ерекше әсер етуі бойынша

1) канцерогендер;

2) мутагендер;

3) репродуктивті функцияға уытты әсер ететін заттар;
өзінің қоршаған ортаға әсер етуі бойынша:

1) сулы қоршаған орта үшін қауіпті заттар;

2) ауаны қоршаған орта және топырақ үшін қауіпті заттар.

5. Химиялық өнімдердің санаттары, қауіптілік түрлері және химиялық өнімдермен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ақпарат химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді.

6. Химиялық өнімдерді, оның физикалық-химиялық және токсикологиялық қасиеттерін, адамның денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға ерекше әсерін сынау өлшемдері мен әдістері химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес айқындалады.

7. Химиялық заттардың санаттары бойынша химиялық өнімдерді жіктеуді өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) оны рынокта орналастыру үшін тиісті құжаттарды ресімдеу кезінде көрсетеді.

2-тарау. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу

6-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың мемлекеттік жүйесі

1. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың бірыңғай мемлекеттік жүйесін мыналар құрайды:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) индустрия және сауда саласындағы уәкілетті орган;

3) ішкі істер саласындағы уәкілетті орган;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;

5) төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;

7) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;

8) энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті орган.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар салалық бағыттылығына сәйкес химиялық өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі

бағыттарын

әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;

3) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі мәселелері жөнінде консультациялық-кеңесуші органдарды құру және тарату;

4) Қазақстан Республикасының аумағында химиялық өнімдерді тіркеудің тәртібін бекіту;

5) химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

б) химиялық өнімдердің Тізілімін бекіту.

8-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органның құзыреті

Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті орган жүзеге асырады:

1) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) сәйкестікті растау және химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасын таныстыру;

3) өз құзыреті шегінде осы Заңда және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерін әзірлеу;

5) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және химиялық өнімдерді техникалық реттеу саласында ұсыныстар дайындау үшін сарапшылық кеңестер құру;

б) осы Заңның және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімдерді анықтау және оны өткізуге жол бермеу шараларын әзірлеу мақсатында тұтыну рыноктарына мониторинг жүргізу;

7) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық құжаттамаларды келісіу;

8) химиялық өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында тіркеу және оларды Тізілімге енгізу;

9) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласында салалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

10) өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) ұсынған ақпарат негізінде химиялық өнімдердің адамның денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта үшін қауіп-қатерін бағалауды тексеру;

11) егер өзге шаралармен адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға залал

келтіруді болдырмау мүмкін болмаса, химиялық өнімдерді айналымнан алып қою туралы шешімдер қабылдау.

9-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

Өз құзыреті шегінде химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

1) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) осы Заңда және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерін әзірлеу;

4) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және химиялық өнімдерді техникалық реттеу саласында ұсыныстар дайындау үшін сарапшылық кеңестер құру;

5) осы Заңның және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімдерді анықтау және оны өткізуге жол бермеу шараларын әзірлеу мақсатында тұтыну рыноктарына мониторинг жүргізу;

6) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық құжаттамаларды келісіну;

7) өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) ұсынған ақпарат негізінде химиялық өнімдердің адамның денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта үшін қауіп-қатерін бағалауды тексеру;

8) егер өзге шаралармен адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға залал келтіруді болдырмау мүмкін болмаса, химиялық өнімдерді айналымнан алып қою туралы шешімдер қабылдау.

10-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте және өз құзыреті шегінде химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер түрінде жүзеге асырылады.

3. Жоспарлы тексеру әрі кеткенде жылына бір рет өткізіледі.

4. Жоспардан тыс тексеру химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган мына:

химиялық өнімдердің осы Заңда және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес е м е с т і г і т у р а л ы ;

адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері туралы ақпарат алған жағдайда жүргізіледі.

5. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы тексеру екі кезеңде жүргізіледі:

1) құжаттық тексеру;

2) қауіп-қатерлерді бағалауды тексеру.

6. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы құжаттық тексеру мына: тұтынушы үшін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы ақпараттың шынайылығын және осы Заңның, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

қауіпсіздік паспорты мен сәйкестікті растау туралы куәлікте және сәйкестікті растау саласындағы құжатта бар ақпараттың орамадағы және ыдыстағы ақпаратқа сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

7. Қауіп-қатерлерді бағалауды тексеру кезінде химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган сынақтар (зерттеулер) жүргізу үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген сынақ зертханасына (орталық) химиялық өнімдердің іріктелген үлгісін жібереді.

8. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде өздерінің қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда және құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п т ы б о л а д ы .

Мемлекеттік органдар құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі, мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы бір ай ішінде хабарлауға міндетті.

9. Өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы), сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар осы Заңның және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес еместігі анықталған химиялық өнімдер туралы уәкілетті мемлекеттік органға ақпарат жіберуге міндетті.

3-тарау. Өтініш берушілердің химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы құқықтары мен міндеттері

11-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы өтініш берушілердің құқықтары

Өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес химиялық өнімдердің

қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеуге қатысуға;

2) химиялық өнімдердің қауіпсіздігіне өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеуге;

3) химиялық өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі менеджментінің жүйесін енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының міндетті талаптарына сәйкес келетін ұйымдардың стандарттарын әзірлеуге және бекітуге;

5) адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға келеңсіз әсер ететін химиялық заттар туралы шынайы ақпаратты алуға;

6) химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға химиялық өнімдердің қауіп-қатерлерін бағалау бойынша тексеру жүргізу жөніндегі жүгінуге құқылы.

12-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы өтініш берушілердің міндеттері

Химиялық өнімдердің рыноктағы айналымына жауапты өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы):

1) Қазақстан Республикасының химиялық өнімдерді техникалық реттеу саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) химиялық өнімдердің оның өмірлік циклі сатыларындағы қауіпсіздігіне өндірістік бақылауды қамтамасыз етуге;

3) химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға қауіпті химиялық өнімдерді сатып алуға алып келген тәртіп бұзулар туралы хабарлауға;

4) егер өмірлік циклі сатысының бірінің бұзылуына жол берілген жағдайда химиялық өнімдер өндірісінің процесін тоқтатуға;

5) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы шынайы ақпаратты: олардың талабы бойынша тұтынушыларға; олардың талабы бойынша химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға беруге;

6) химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органға мемлекеттік бақылау жүргізуге қажетті: қауіпсіздік паспортын; тіркеу туралы куәлігін; сәйкестік сертификатын немесе декларациясын; басқа да құжаттарды техникалық сипаттағы (жоспардан тыс тексеру кезінде) мәліметтерді беруге;

7) химиялық өнімдердің қауіп-қатерін бағалауды жүзеге асыруға (адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге қабілетті химиялық заттардың зиянды әсерлерін, олардың зиянды әсерінің таралу саласын айқындау) міндетті.

4-тарау. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар

13-бап. Химиялық өнімдерді тіркеу

1. Өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) химиялық өнімдерді тіркеуге м і н д е т т і .

2. Химиялық өнімдерді тіркеуді химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпте жүзеге а с ы р а д ы .

Осы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелмеген химиялық өнімдер рынокқа айналымға жіберілмейді.

14-бап. Химиялық өнімдердің қауіп-қатерлерін бағалау

1. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдану қауіп-қатерлерді талдауға негізделуі тиіс.

2. Өтініш берушінің (өндірушінің, жеткізушінің, импорттаушының) қауіп-қатерге бағалау жүргізуі барлық химиялық өнімдер үшін міндетті.

3. Химиялық өнімдердің қауіп-қатерін бағалау:

1) химиялық өнімдер қауіптілігінің түрлерін анықтау;

2) адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау үшін қауіп немесе әлеуетті қауіп төндіретін химиялық өнімдердің анықталған түрлерінің әсер етуін талдау ;

3) анықталған қауіп-қатерлерді шектеу жөніндегі барабар шараларды айқындау ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Химиялық өнімдер қауіптілігінің қауіп-қатерін бағалау кезінде қолда бар техникалық құжаттамалар, ғылыми деректер, талдау және зерттеу әдістері, библиографиялық сілтемелер, іріктеме бақылау деректері пайдаланылуы тиіс.

5. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган осы Заңның 8-бабы 2-тармағына сәйкес адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаны қорғауға зиян келтіру фактісі туралы ақпарат алған жағдайда қауіп-қатерді бағалауға т е к с е р у жү р г і з е д і .

6. Қауіп-қатерді бағалауды өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) химиялық өнімдерді тіркегенге дейін жүргізеді.

7. Қауіпті химиялық өнімдермен немесе әлеуетті химиялық өнімдермен байланысты мүмкін болатын қауіп-қатерлерді бағалау үшін өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, и м п о р т е р) м ы н а л а р д ы :

1) қауіпті химиялық заттардың болуын;

2) қауіптің и көрсеткіштерін;

3) қауіпті әсер етудің түрлері мен олардың пайда болу шарттарын;

4) физикалық-химиялық ерекшеліктерін;

5) қоршаған ортаға әсер ету факторларын көрсетеді.

8. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган қажет болған жағдайда қосымша ақпарат сұрата немесе химиялық өнімдерге сынақ жүргізе алады.

15-бап. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын ең аз қажетті жалпы талаптар

1. Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген химиялық өнімдердің қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптар өтініш берушілердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі мына:

1) өтініш берушілердің Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауы;

2) химиялық өнімдердің өмірлік циклі процестерінің Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкестігіне өндірістік бақылау жүргізу;

3) химиялық өнімдердің Қазақстан Республикасының химиялық өнімдер қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау;

4) экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық өндірістік, ғылыми-технологиялық сараптама жүргізу;

5) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттету шараларын қолдану жолымен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына мына көрсеткіштері бойынша сәйкес келмейтін:

1) адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтірудің анық белгілері бар;

2) Осы Заңның 5-бабы 4-тармағында көрсетілген химиялық заттардың радиологиялық көрсеткіштер мен санаттары бойынша қойылатын талаптарға жауап бермейтін;

3) оның қауіпсіздігін куәландыратын және оның шығу тегін растайтын құжаттары жоқ;

4) Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында көзделген мәліметтерді қамтитын таңбалауы жоқ;

5) ұсынылған ақпаратқа сәйкес емес химиялық өнімдер өмірлік цикл процестеріне жіберілмейді.

4. Әзірленетін, жасалатын және айналымға шығарылатын химиялық өнімдер химиялық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

16-бап. Қауіпсіздік паспорты және оған қойылатын талаптар

1. Рынокта орналастыру үшін химиялық өнімдерді жеткізетін өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) оған қауіпсіздік паспортын қоса беруге міндетті.

2. Қауіпсіздік паспорты химиялық өнімдер туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) химиялық өнімдерді (затты/препаратты және өндірушіні) айқындау;

- 2) қауіп-қатерлерді айқындау;
- 3) химиялық заттар құрамы туралы ақпарат;
- 4) алғашқы көмек көрсету шаралары;
- 5) өртке қарсы шаралар;
- 6) төтенше жағдайлар кезіндегі шаралар;
- 7) айналым және сақтау;
- 8) сәулененуден қорғау/жеке қорғану;
- 9) физикалық және химиялық қасиеттері;
- 10) тұрақтылық және белсенділік;
- 11) уыттылық ақпараты;
- 12) экологиялық ақпарат;
- 13) қалдықтарды басқару;
- 14) тасымалдау туралы ақпарат;
- 15) реттеу туралы ақпарат;

16) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген химиялық өнімдердің жекелеген түрлеріне ақпарат.

3. Химиялық өнімдерді бөлшек сату кезінде қауіпсіздік паспорты талап етілмейді.

Тұтынушының сұрауы бойынша оған химиялық өнімдер және оның адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға әсер етуінен қорғану шаралары туралы қосымша ақпарат берілуі мүмкін.

4. Химиялық өнімдерге ілеспе құжаттар қауіптілік қауіп-қатерін төмендету үшін жіктеме және сақтану шаралары туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

17-бап. Химиялық өнімдерді өндіру және қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Химиялық өнімдерді өндіру және қолдану кезінде химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар бекіткен нормаларға сәйкес қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажет, олар мыналарды қамтиды:

1) химиялық өнімдерді өндіру кезінде қауіп-қатерлердің қауіпін барынша азайтатын технологиялар мен жабдықтарды, еңбек тәсілдері мен әдістерін таңдау;

2) химиялық өнімдерді өндіру және қолдану кезінде пайдаланылатын техникалық бақылау құралдары мен қорғау құралдарын пайдалану және тиісінше ұстау.

3) қауіпті немесе әлеуетті қауіпті құралда ескерту белгілері мен таңбалауларын пайдалану;

4) жеке гигиенаны сақтау және қажетті санитарлық құралдарының, сондай-ақ персоналда жеке қорғау құралдары мен арнайы киімдердің болуы;

5) апатты жағдайлардың алдын алу және оларды жою құралдарының болуы.

2. Химиялық өнімдерді сату кезінде мына ақпаратты қамтитын нұсқаулықпен қамтамасыз етілуі тиіс:

- 1) химиялық өнімдердің мақсаты;

- 2) қолдану шарттары;
- 3) қауіпті қасиеттердің болуы;
- 4) қауіпсіз қолдану жөніндегі шаралар;
- 5) алғашқы көмек көрсету шаралары.

18-бап. Химиялық өнімдерді тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Химиялық өнімдерді тасымалдау және сақтау Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шарттарда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпті химиялық өнімдерді тасымалдау үшін мұндай мақсаттарға арнайы арналған көлік құралдары п а й д а л а н ы л а д ы .

3. Химиялық өнімдерді сақтау және тасымалдау қорғау шараларын сақтай отырып жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтиды:

- 1) тасымалдауға және сақтауға арналған орамға қойылатын талаптар;
- 2) химиялық өнімдердің орамасының рұқсат етілген салмағы және оны сақтау м е р з і м і ;
- 3) өнімді сақтау және тасымалдау кезінде химиялық өнімдердің басқа да түрлерімен с ы й ы с у ш ы л ы ғ ы ;
- 4) тасымалдау және сақтауға қойылатын жалпы талаптар (температура, қысым, ы л ғ а л д ы л ы қ , ж а р ы қ) ;
- 5) өзінен өзі жануға және өздігінен, оның ішінде қауіпті өнімдер құра отырып, бөлінуге бейім өнімге арнайы шаралар;
- 6) орамасын қауіпсіз қайталап пайдалану және/немесе оны кәдеге жарату жөніндегі ш а р а л а р ;
- 7) апатты жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;
- 8) персоналдың жеке қорғану құралдары.

4. Химиялық өнімдерді тасымалдау және сақтау оның тұтыну қасиетін және оның қауіпті қасиеттерінің адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін орамада жүзеге асырылады.

5. Химия өнімдер салмағының рұқсат етілген нормасын сақтаудың белгіленген мерзімі ішінде оның әсер етуін немесе өнімдердің шоғырлануын қамтамасыз етуі тиіс.

6. Химиялық өнімдерін тасымалдау кезінде ораманың, сондай-ақ химиялық өнімдеріне санкцияланбаған енуді болдырмайтын көлік құралдарының өзінің тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдануы тиіс.

7. Қос ораманы пайдалану жағдайында, ішкі ыдыс тасымалдау кезінде оны бұзу болмайтындай жолмен, сыртына қапталуы тиіс. Сыртқы және ішкі ыдыстың арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында орау материалы қапталуы тиіс.

Көліктің әртүрлі түрлеріндегі химиялық өнімдерін тасымалдау үшін ораманы

қолдануға арналған талаптарды химиялық өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган белгілейді.

8. Сұйықтықтар тасымалдау жағдайында туындауы мүмкін ішкі қысымға шыдайтын қос ыдыста ғана тасымалдануы тиіс.

9. Бір ғана ыдысқа егер, олар бір бірімен қауіпті реакцияға түсетіні және мыналарды :

- 1) жануды және/немесе жылудың айтарлықтай санын бөлуді;
- 2) жеңіл тұтанатын, уытты немесе тұншықтыратын газдар бөлуді;
- 3) басқа химиялық белсенді және қауіпті, оның ішінде корродирлейтін заттарды жасауды тудыратын болса екі және одан да көп түрлердегі химиялық өнімдерін орналастыруға жол берілмейді.

10. Сұйытылған газдарды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

11. Негізгі химиялық өнімдердің қауіптілік ерекшелігін арттыратын жаңа қосылыстарды жасау қабілетіне ие химиялық өнімдерін сақтау кезінде осындай трансформация мүмкіндігін болдырмайтын баламалы қорғау шараларын қамтамасыз етілуі тиіс.

12. Ыдысты қайта пайдалану сәйкесті заттар үшін ғана мүмкін. Химиялық өнімдерін сақтау шарты оның кездейсоқ араласу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

13. Орама әзірленген материал оның ішіндегімен химиялық реакцияға түспеуі тиіс.

14. Химиялық өнімдерді әкелуді, әкетуді, транзитпен тасымалдауды бақылау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

19-бап. Химиялық өнімдерді таңбалауға қойылатын талаптар

1. Барлық химиялық қауіпті өнім оның қауіпті ерекшеліктері туралы хабарландыратын ескертпе таңбалауына жатады.

Химиялық өнімдерді ескертпе таңбалау кезінде көрсетілетін қауіпсіздіктің стандартты символдары халықаралық талаптарға сәйкес белгіленеді және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен бекітіледі.

2. Химия өнімінің орамасындағы ескертпе таңбалау мыналарды:

1) өтініш берушінің (жеткізушінің, өндірушінің, импорттаушының) атауы мен телефон нөмірін, факсті, телексті және электронды мекен-жайы E-mail-ды қоса алғанда толық мекен - жайын ;

2) атауын (атауларын);

3) қауіптілік түрін ;

4) массасын немесе көлемін ;

5) партияның нөмірін ;

6) дайындау (шығару) күнін ;

7) қауіпсіздіктің стандартты символдарын қамтуы тиіс.

3. Ескертпе таңбалау жуғанда кетпейтін әріптермен және/немесе символдармен ж а ғ ы л а д ы .

4. Ескертпе таңбалаусыз химия өнімін рынокқа жеткізуге және өткізуге жол берілмейді.

20-бап. Рынокта жұмыс істеу кезінде химиялық өнімдерге қойылатын талаптар

1. Химиялық өнімдер егер ол техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, рынокқа шығарылуы және қолданылуы мүмкін.

2. Өтініш беруші (шығарушы, жеткізуші, импорттаушы) химия өнімімен рынокқа қауіпсіз жұмыс істеу жөніндегі барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

21-бап. Химиялық өнімдерді кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Өмірлік цикл процесінен алып қойылған және өзінің тұтыну ерекшеліктерін жоғалтқан қауіпті химиялық өнімдер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүргізілетін сараптамаға жатады. Сәйкессіздікті растау кезінде сараптама нәтижелері бойынша қауіпті химиялық өнімдерді кәдеге жарату немесе жою туралы шешім қабылданады.

2. Химиялық өнімдерді кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік мыналарды:

1) химиялық өнімдерді кәдеге жаратуды жүргізуге арналған және оларға санкциясыз енуді болдырмайтын арнайы аландарды, объектілерді, жұмыс орындарын;

2) технология мен жабдықты таңдауды;

3) химиялық өнімдерді қауіпсіз кәдеге жарату мен жою жөніндегі еңбектің тәсілдері мен әдістерін;

4) химиялық өнімдерді кәдеге жарату мен жою үшін бақылау және қорғау құралдарының техникалық құралдарын;

5) апатты жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін қажетті құралдармен жарактандырудың шаралары мен тәсілдерін қамтитын қорғау шараларын мүлтіксіз сақтау есебінен қамтамасыз етілуі тиіс.

22-бап. Химиялық өнімдердің өмірлік циклінің барлық сатыларында персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар

1. Химиялық өнімдерді шығару кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін нормалар белгіленуі тиіс.

2. Химиялық өнімдердің өмірлік циклінің кезеңдерінде еңбек ететін өндірістік персонал қауіпсіз жұмыс тәсілдері туралы қажетті біліктіліктерге, білімге ие, бақылау мен қорғаудың қажетті құралдарымен қамтамасыз етілуі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен химиялық өнімдермен жұмыс

істеуге жіберілуі тиіс.

3. Химиялық өнімдердің өмірлік циклының барлық кезеңдеріндегі персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай жағдайлар сақталуы тиіс:

1) адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпті химиялық өнімдердің әсер ету қауіп-қатерін болдырмайтын еңбекті қорғаудың тәсілдері мен әдістерін п а й д а л а н у ;

2) жеке гигиенаның қажетті құралдарын жеке қорғау құралдарын беру;

3) ескертпе таңбалауды пайдалану;

4) персоналды химиялық өнімдермен жұмыс істеу шараларымен таныстыру;

5) апатты жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды әзірлеу.

4. Өтініш беруші алдын ала және мерзімдік медициналық қарауларды және қауіпті немесе ықтимал қауіпті химиялық өнімдермен жұмыс жөніндегі персоналды оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

23-бап. Сәйкестікті растау

1. Химиялық өнімдердің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шетел мемлекеті берген сәйкестікті растау саласындағы құжат, егер халықаралық шарттармен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық реттеу жүйесінде оны тану шарты кезінде Қазақстан Республикасында жарамды деп саналады.

24-бап. Осы Заңның талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

5-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

25-бап. Өтпелі ережелер

1. Адамның өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін химиялық өнімдерге және оның өмірлік процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейтін тиісті химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер және олармен үйлестірілген стандарттар күшіне енгенге дейін мемлекеттік реттеу осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер мен олармен үйлестірілген стандарттардың күшіне енуіне қарай қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен оларды қайталайтын немесе сәйкес келмейтін өзге де нормативтік актілер жойылуы тиіс.

2. Осы Заң күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және өткізілетін химиялық өнімдер үшін оның сәйкестігін растайтын құжаттар оларда көрсетілген қолданылу мерзімінің ішінде күшін сақтайды.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК